БҰЛАНДЫ АУДАНЫ

# BULANDY AQPARAT

Аудандық қоғамдық-саяси газет
Районная общественно-политическая газета

№ 40 (335)
14.10.2022

## АУЫЛДЫ ҚОЛДАУ – БОЛАШАҚТЫ ОЙЛАУ

Аудан орталығынан ат шаптырым жердегі Қараөзек ауылындағы шешімін таппай келе жатқан өзекті мәселенің бірі ауыз су еді. Тіршілік нәрін қала орталығынан тасып ішіп келген тұрғындардың жанайқайы ескеріліп, бұл мәселе де оңтайлы шешімін таба бастаған сияқты. Қазіргі таңда «КазЕвроҚұрлыс» ЖШС ауылға су құбыр жүйелерін тартуда. Ұңғымалар бұрғыланып, магистралдық желілерді салу жұмыстары атқарылуда. Ұзындығы 14 км кентішілік жүйелер салынды. Таза су – ауыл тұрғындарының арман-тілектерінің бірі еді. Жақында су құбыры жүйелерінің жұмыстары толық аяқталып, ауыл арман болған ауыз суға қол жеткізеді деген ойдамыз.





Сондай-ақ биыл Қараөзек ауылында жасанды көгал (газон) төселген футбол алаңы ашылды. Бұл ауыл жастарына тамаша тарту, қуанышты жаңалық болды. Ауыл тұрғындарын толғандырған тағы бір мәселе – жол. Қар суы еріп Қайрақты арнасынан асқанда тұрғындарға ауылдан кіріп шығу қиынға соғып жатады. Жол жыры да алдағы уақытта шешімін табарына сенім мол. Ауыл – елдің бесігі, ат байлар алтын қазығы, ауылдың гүлденуі –елдің гүлденуі, өркендеуі.

**З. ЖАЙНАРБЕК.**

## «Зейін» клубы ашылды

Аудандық «Тілдер оқыту орталығы» КММ де «Зейін» оқырмандар клубы ашылды. Мақсаты: жастарды, оқырмандарды еркін сөйлеуге тәрбиелеп, шығармашылық ойлау қабілеттерін жетілдіру, кітап оқуды трендке айналдырып, сауатты қоғам қалыптастыру. Дамушы орта құру арқылы қазақ тілінің аясын кеңейтуге атсалысу.

Алғашқы құттықтау сөз аудандық маслихат хатшысы Шахман Байдүйсенұлы Құсайыновқа берілсе, «Аманат» партиясы филиалының бірінші хатшысы Раушан Түркменбайқызы Хожабай да өз ойымен бөлісіті. Дәстүрлі әнші Сертай Нұржанов қазақтың қара домбырасын әуелетсе, жерлестеріміз Әлішер Жәнібекұлы мен Жансейіт Түкібаев тіл туралы жазған жаңа әндерінің тұсауын кесті. Ал, ауданымыздың абыз кеуде ақсақалы Сайлаубай ата жастарға ақыл-кеңесін айтты. Сайлау ата кітапты қызға оқитын оқырмандардың бірі. Мыңнан астам кітап оқыған. Өмірден түйгені, көргені көп қазыналы қарияның жастарға берері көп.



Сондай-ақ клубтың ашылуына аудандық ішкі саясат бөлімінің басшысы Мерей Жанатқызы Жұмабаева, аудандық мұрағат басшысы Бектас Темірғалиұлы Қожақанов, тілдерді дамыту бөлімінің бас маманы Орал Серікқызы Курумбаева және Елеш Хавылханұлы бастаған өнерлі жастар, ұстаздар мен мектеп оқушыларлы қатысты. Кітап оқудың пайдасы туралы Бұланды орталықтандырылған кітапхана жүйесінің маманы Айнұр Ибадуллақызы баяндады. Жас ақындар жүрекжарды өлеңдерін оқыса, келген қонақтар еркін пікіралмасу алаңында өз ойларын ортаға салды. «Зейін» оқырмандар клубының болашақ жоспары талқыланды.

Кітап сүйер қауым, тіл жанашырлары, поэзия, проза жазуға ынтасы бар жастар осы клубтың аясына апта сайын жиналып тұратын болады.

**Ж. ЗАНДЫБАЙ.**

## Жерлесіміздің жеңісі

Алматы облысы Іле ауданы Өтеген батыр кентінде қазақтың хас батыры, ел еркіндігі үшін күрескен жауынгер, қолбасшы Райымбек батырдың жүлдесіне арналып қазақ күресінен 2006-2007 жылдарда дүниеге келген жастар арасында республикалық турнир өтті. Еліміздің барлық өңірінен 470-ке тарта жас балуан қатысқан байрақты бәсекеде жерлестерімізде бақ сынады. Аудан намысын ту еткен балуандарымыздың арасынан Нұрбақыт Әділбек жүлделі 1-орынды еншілеп, жеңіс тұғырынан көрінді. Нұрбақыт 46 келі салмақта сынға түскен болатын. Жеңімпаз атанған жерлесіміздің салмағында 62 балуан жүлделі орындарды сарапқа салды. Осыған қарап-ақ жеңістің оңай келмегенін аңғарсақ болады. Бұл – төгілген тер мен ерінбеген еңбектің нәтижесі.

**Ж. ЗАНДЫБАЙ.**




## Қазақстан президенттігіне кандидаттарды ұсыну аяқталды. Үміткерлер тізімі

**Қазақстанда 11 қазан күні сағат 18.00-де ел президенттігіне кандидаттарды ұсыну аяқталды, деп хабарлайды Zakon.kz.**

Осы уақытқа дейін Орталық сайлау комиссиясы президенттік сайлауға бес кандидатты тіркеді:

**Қасым-Жомарт Тоқаев**, қазіргі мемлекет басшысы.

**Нұрлан Әуесбаев**, оппозициялық Жалпыұлттық социал-демократиялық партиясының (ЖСДП) өкілі.

**Мейрам Қажыкен**, Amanat республикалық кәсіподақтар бірлестігі ұсынған.

**Жигули Дайрабаев** – «Ауыл» халықтық-демократиялық патриоттық партиясынан кандидат.

**Қарақат Әбден** – «Кәсіби әлеуметтік қызметкерлердің ұлттық альянсы» республикалық қоғамдық бірлестігінен.

Тағы жеті президенттікке кандидат ОСК-ға құжаттарын тапсырды. Олардың құжаттары әлі қаралып жатыр.

**Жұматай Әлиев**, «Халық демографиясы» қоғамдық бірлестігінен.

**Талғат Ерғалиев**, Қазақстан құрылысшылар одағынан.

**Нұржан Әлтаев**, «Мұқалмас» республикалық қоғамдық бірлестігінен.

**Салтанат Тұрсынбекова**, «Қазақ аналары – дәстүрге жол» республикалық қоғамдық бірлестігінен.

**Хайрулла Ғабжалилов**, «Асар» оралмандар қауымдастығы» ҚБ ұсынған.

**Бақыт Жаңабаев**, «Қазақстан әуесқой футболшыларының» қоғамдық бірлестігінен.

**Фатима Бизақова,** «Тәжірибелік психология» қоғамдық бірлестігінен.

Жалпы, мемлекет басшылығына 12 адамның кандидатурасы ұсынылды.



## Завершено выдвижение кандидатов в президенты Казахстана. Список претендентов

**В Казахстане 11 октября 2022 года в 18.00 завершилось выдвижение кандидатов в президенты страны, сообщает Zakon.kz.**

К этому времени Центризбирком признал пятерых кандидатов соответствующими требованиям законодательства к кандидатам в президенты:

**Касым-Жомарта Токаева** –действующего главу государства.

**Нурлана Ауесбаева**, представителя оппозиционной Общенациональной социал-демократической партии (ОСДП).

**Мейрама Кажыкена**, выдвинутого от республиканского объединения профсоюзов «Аманат».

**Жигули Дайрабаева** – кандидата от Народно-демократической патриотической партии «Ауыл».

**Каракат Абден** – от Республиканского общественного объединения «Национальный альянс профессиональных социальных работников».

Еще семь кандидатов в президенты подали в ЦИК документы, которые пока находятся на рассмотрении.

**Жуматай Алиев** – от общественного объединения «Халық демографиясы».

**Талгат Ергалиев** – от «Союза строителей Казахстана».

**Нуржан Альтаев** – от республиканского общественного объединения «Мұқалмас».

**Салтанат Турсынбекова** – от республиканского общественного объединения «Қазақ аналары – дәстүрге жол».

**Хайрулла Габжалилов**, выдвинутый РОО «Объединение оралманов «Асар».

**Бакыт Жанабаев** от «Казахстанской лиги любителей футбола».

**Фатима Бизакова** от РОО «Практическая Психология».

Таким образом, на кресло главы государства выдвинуто 12 человек.

# МЕЙІРІМ МЕН ІЗГІЛІК АЙЫ – МЕСЯЦ ДОБРА И УВАЖЕНИЯ

## Вам года – лишь мудрости ступенька!



День пожилого человека - это день бесконечно дорогих нам людей - наших мам и пап, бабушек и дедушек. Это день человеческой мудрости, зрелости, душевной щедрости - качеств, которыми наделены люди, имеющие за плечами немалый жизненный путь.

Как дорог для пожилых людей их праздник, когда их чествуют и одаривают подарками!

В рамках месячника пожилых людей и инвалидов в КГУ «Основная средняя школа села Воробьевка», прошло мероприятие: «Вам года - лишь мудрости ступенька!», посвященное Дню пожилого человека.

Учащиеся школы в подарок для виновников торжества подготовили музыкально-развлекательную программу. Во время мероприятия в адрес людей старшего поколения прозвучало много тёплых слов и пожеланий. Ребята начальных классов, рассказали стихи и спели песни, с танцевальными номерами выступили девочки: В. Иванова, А. Доценко и К. Лашко, задорные частушки исполнили мальчики: Тукаев Акрам и Драгун Тимур. Музыкальной открыткой, поздравили В. Старовойтова и М. Агульманова, которые в преддверии праздника ушли на заслуженный отдых, юбиляра В. Доборовича, семью Шаминых с 50 летним юбилеем совместной жизни. Библиотекарем подготовлена фотовыставка: «Мои родные, бабушки и дедушки!», а также проведен фотоконкурс: «Бабушка рядышком с дедушкой!» Цель: проявлять творческие способности, прививать желание заботиться о людях старшего поколения, оказывать помощь в делах, уметь своими поступками приносить им радость, воспитывать уважительное отношение к пожилым людям.

Праздничная атмосфера никого не оставила равнодушным. Все получили массу положительных эмоций, забыв о проблемах и отдохнув душой за чашечкой чая. Пожилые люди были очень благодарны за приятно проведенное время. Счастливые минуты общения с детьми, внуками, доставило им удовольствие с неожиданными приятными сюрпризами.

Очень хочется пожелать всем пенсионерам крепкого здоровья, долгих лет жизни, благополучия их семьям. Пусть бережное отношение к людям старшего поколения станет делом не одного праздничного дня, а повседневной обязанностью каждого из нас.

С поздравлениями и словами благодарности к старшему поколению обратилась и. о. директора школы Шевченко Татьяна Сергеевна. Она поблагодарила спонсора за оказанную помощь в проведения праздника генерального директора ТОО «Талдыколь». Байгалиева Амиржана Амантаевича.

**В. БУЛЛИХ, библиотекарь Воробьевской сельской библиотеки.**

## Қарты бар үйдің қазынасы бар

«Қарт» - дегеніміз ұлын ұяға, қызын қияға қондырып, немерелерімен шөберелерінің қызығына тоймай отырған асыл аталарымыз, ақ жаулықты әжелеріміз. Қазақ халқы қашанда жасы үлкен жандарды құрметтеп, үнемі төрден орын бере білген халық. «Қарты бар үй - қазыналы үй»- дегендей ата әжелеріміз тарих пен салт-дәстүрімізді үйретіп, бағыт бағдар беретін жол сілтеушіміз емес пе? Ата мен әженің алақанын сезініп өскен жас ұрпақта арман жоқ шығар? Сондықтан жыл сайын қазан айында «қарттар мерекесі» тойланады. Қоғам үшін маңызды мерекелердің бірі- әр жылдың бірінші қазанында тойланатын халықаралық қарттар күні. Бұл күнді біріккен ұлттар бас ассамблеясы тағайындағаннан кейін ол дәстүрлі түрде дүние жүзінің барлық мемлекеттерінде аталып өтеді. Біздің елде оны мерекелеу тұтас бір айға созылады. Бұл мереке қарттарымыз үшін ең маңызды мереке, себебі барлық жылы сөздер мен көңіл күйлер қарттарға арналады. «Қарт пен баланың көңілі ұқсас» деген сөз бар, бір ауыз сөзге қуанып, бір ауыз сөзден көңілдеріне кірбің алып қалатын бала жүректі қариялардың бабын табу оңай емес.



Ертеректе жасы қырықтан асқан қазақ қарттыққа бет бұрып, немере бағып, елге үлгі боларлық іс атқаруға тырысқан. «Ауылында қартың болса жазылып қойған хатпен тең» деп , той томалақты батасыз бастамаған, қариялардан бата алуға тырысқан. Бұл үрдіс қазақ арасында әлі де болғанымен, сиреп барады, жаһанданудың салқыны тиіп жатқаны шындық.

Ата әженің тәрбиесін алған балаға халықтың ықыласы ерекше. Ата-әже мектебінен өткен ұрпақ зерек те ерек болып, бүкіл елдің мақтанына айналатын. Қазақ әжесінің керемет образын қалыптастырған бірегей тұлға – Абайдай дананы тәрбиелеген Зере. Осы қоғамның іргетасын нығайту үшін бүгінгі жас буынға үздік үлгі, өнегелі тәрбие, елжандылыққа баулу сияқты моральдық нормалардың бастауында қазыналы қарттарымыздың тұрғанын әрқашан есте ұстауымыз қажет. Сонымен қатар еліміздің жас азаматын отансүйгіштікке тәрбиелеу мен белсенді өмір ұстанымын қалыптастыруда да ардагер ата-апаларымыздың өмірі мен еңбек жолдары үлгі.

Қарты бар елдің қазынасы бар,саялы бәйтерек, данагөй тұлға қарттарымыздың өмірі мен еңбек жолдары өсіп келе жатқан өскелең ұрпаққа үлгі өнеге болса, біздің міндетіміз үлкендерге әдеп пен сый құрмет көрсету.

**Ғ. ЕСМАГУЛОВА, Шұбарағаш ауылының кітапханашысы.**

## Вам дарим доброту и радость



В рамках месячника поддержки пожилых людей и инвалидов для людей с ограниченными возможностями здоровья после 18 лет 7 октября в модельной центральной районной библиотеке Буландынской ЦБС прошло мероприятие: библиотерапия «От души для души». В ходе мероприятия, присутствующие ближе познакомились с такими нравственными понятиями как доброта, сострадание, милосердие на основе электронной презентации, просмотрели видео «Притча о доброте и милосердии»; приняли участие в проведении творческой мастерской «Вам дарим доброту и радость», где разукрашивали картинки про осень ; активно отвечали на вопросы викторины «В мире доброты». Мероприятие прошло оживлённо и интересно, закончилось праздничным чаепитием.

**Модельная Районная Библиотека**



## Пусть интерес к жизни не угасает никогда

В осеннем календаре есть необычная дата, когда сердце наполняется чувством глубокой признательности, когда хочется говорить слова благодарности, быть особенно чуткими и внимательными к пожилым людям – это Международный День пожилого человека. С праздничными тёплыми поздравлениями и пожеланиями к гостям праздника обратилась аким Никольского сельского округа Жанна Кабеновна Шахатова , учащиеся общеобразовательных школ № 1 и № 2 села Никольское приготовили музыкальные подарки и шуточную сценку. За праздничным столом гости не только поздравляли друг друга и желали здоровья, но и от всей души пели, танцевали, беседовали. Расходились все в приподнятом настроении с улыбками и шутками. Ведь организаторы праздника подарили участникам внимание и хорошее настроение, пожелания неугасающего интереса к жизни, крепкого здоровья на долгие годы, счастья и благополучия!

Никольский сельский округ, сельский дом культуры, Мисовская сельская библиотека приняли участие в подготовке и проведении Международного Дня пожилого человека.

**Т. КУЦЕВАЛОВА, библиотекарь Мисовской сельской библиотеки.**

## «Теплом наполняя сердца»

*Летят года, за ними не угнаться -*
*Спешат часы, сменяя день за днём.*
*Но знаем, не устанем удивляться*
*Тем временем, что осенью зовём.*

1 октября в Казахстане отмечается особенный праздник – День пожилого человека. Это люди, которые своим примером учат нас милосердию и доброте, заботе о близких и служат залогом преемственности поколений.

Это добрый и светлый праздник, когда мы окружаем особым вниманием всех представителей старшего поколения.

4 октября в Модельной Капитоновскойсельской библиотекебыл проведен вечер-встреча «Теплом наполняя сердца». В этот день пожилым людям выражали слова признательности, за их мудрость и сердечность. А какой праздник без игр и викторин?

С удовольствием все приняли участие в веселой конкурсной программе «Ладушки, ладушки – дедушки и бабушки»; в задании «Ретро-мелодии» конкурсанты отгадывали мелодии, популярные в годы своей молодости; в конкурсе «Вспомнить всё» вспоминали события, цены, фильмы, книги, песни, всё то, чем дорожили все эти годы и с чем спешили поделиться с окружающими, в конкурсе «А вот и сказка в гости к нам пришла» с радостью вжились роль сказочных героев. За приятным чаепитием, приглашённые вспоминали молодость, читали стихи, делились житейскими советами, просто общались, пели и танцевали.

В этот день мы желаем вам всего самого лучшего! Только вы помогаете нам даже в самое нелегкое время жить и радоваться жизни, учите нас оптимизму и упорству. Пусть же счастье не покидает ваш дом! Пусть любовь ваших детей и смех ваших внуков и правнуков наполняют радостью вашу душу! С праздником!

**С. ПОДКЛАДКИНА, библиотекарь Модельной Капитоновской сельской библиотеки Буландынской ЦБС.**

## Иллюзия, которая может стоить будущего

В Партизанской сельской библиотеке прошел информационный час «В плену иллюзии» с учащимися 7 класса, целью которого было привлечь внимание ребят к одной из самых острых проблем общества в борьбе - наркоманией. На мероприятии была проведена беседа с детьми по пропаганде здорового образа жизни, ознакомление с последствиями употребления наркотиков, формирование негативного отношения к пробе наркотических средств. Как известно, наркомания - это самая настоящая болезнь. И, как любую болезнь, наркоманию надо уметь предотвратить. Вопрос о том, как спасти детей от наркотиков, должен волновать родителей и школу. Но существует много опасностей сегодня, из-за которых мы можем потерять свое здоровье.



Дети и наркотики… Это одно из самых страшных явлений в современном обществе. Как показывает статистические данные, именно с наркотиками связано огромное количество несчастий и смертей. Любой человек, допускающий наркотики в свою жизнь, рискует стать наркоманом, хотя каждый в начале пути уверен, что это может быть с любым другим, только не с ним. Вы – подрастающее поколение. И вам предстоит жить в этом обществе и быть теми, кто строит его, живет в нём и создает его. Забота о Вас - наша забота о будущем.

**Ш. АСКАРОВА, библиотекарь Партизанской сельской библиотеки.**

## «Сегодня славим седину...»

В осеннем календаре есть необычная дата, когда сердце переполняется чувством глубокой признательности, когда хочется говорить слова благодарности, быть особенно чуткими и внимательными к людям - это 1 октября или Международный день пожилых людей. Это не только праздник, но и еще одна возможность для пожилых людей пообщаться друг с другом.

30 сентября в Гордеевской сельской библиотеке состоялся час общения «Сегодня славим седину…». Пожилые люди услышали много добрых слов и пожеланий в свой адрес, получили возможность приятного общения за чашкой чая,активно участвовали в интересных конкурсах.

Теплые слова благодарности и поздравления для людей пожилого возраста произнес аким Ергольского сельского округа Каниев Мейрамбай Аргынович. Гости мероприятия были до глубины души тронуты проникновенным, искренним, эмоциональным выступлением всех участников.

**С. Иванова, библиотекарь Гордеевской сельской библиотеки Буландынской ЦБС.**

# МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ – МӘРТЕБЕЛІ МІНДЕТ

## Мемлекеттік қызмет көрсету саласындағы жаңалықтар

Қолданыстағы еңбек заңнамасында сыбайлас жемқорлық қылмыс жасаған адамдар үшін белгілі бір шектеулер қарастырылған.

Квазимемлекеттік сектор ұйымына жұмысқа тұру кезінде адам сыбайлас жемқорлық қылмыс жасағаны туралы мәліметтердің бар не жоқ екені туралы анықтама ұсынуға міндетті.

Қазір квазимемлекеттік ұйымдарға жұмысқа орналастыруды шектеу барлық лауазымдарға қолданылады, бұрын бұл шектеулер басқарушылық функцияларды орындауға байланысты лауазымдарға қатысты болатын.

Бас прокуратураның Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеті адамның сыбайлас жемқорлық қылмыс жасағаны туралы мәліметтерді беруді мемлекеттік қызметтер көрсету санатына ауыстырды.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің қабылдануы және ұсынылуы www.egov.kz«электрондық үкімет» веб-порталы арқылы жүзеге асырылады.

Қызметтің орындалу мерзімі 10 минут, қосымша анықтамалық тексеріс жағдайында – 5 жұмыс күні құрайды.

Сондай-ақ қызметкерлерге қатысты мәліметтерді алу үшін, олардың келісімі болған жағдайда «жеке кабинет» және (немесе) sms-растау арқылы жұмыс берушілерге қол жетімді. Осындай қызметті мобильді азаматтар базасында тіркелген жағдайда ғана алуға болады.

Мобильді азаматтар базасында тіркелу үшін көрсетілетін қызметті алушы Мемлекеттік корпорацияның кез келген фронт-офисіне жүгіну арқылы «электрондық үкімет» веб-порталының «Жеке кабинетіндегі» «телефон» бағанында телефон нөмірін көрсету немесе оны жеке сәйкестендіру нөміріне (ЖСН) байланыстыру қажет.

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БАС ПРОКУРАТУРАСЫНЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ СТАТИСТИКА ЖӘНЕ АРНАЙЫ ЕСЕПКЕ АЛУ ЖӨНІНДЕГІ КОМИТЕТІ.**

## О новшествах в сфере оказания госуслуг

Действующее трудовое законодательство предусматриваетопределенные ограничения для лиц, совершивших коррупционные преступления.

Соискатели, при оформлении на работу в организации квазигосударственного сектора обязаны, представлять справку о наличии либо отсутствии сведений о совершении коррупционного преступления.

Если ранее не допускалось трудоустройство лиц, на должность, связанную с исполнением управленческих функций, то сейчас ограничение в трудоустройстве в квазигосударственные организации распространяется на все должности.

Комитетомпо правовой статистике и специальным учетам Генеральной прокуратурывыдача сведений о совершении лицом коррупционного преступления переведенав сферу оказания государственных услуг.

Прием и выдача документов для оказания государственной услуги осуществляется через: веб-портал «электронного правительства» www.egov.kz.

Срок исполнения услуги 10 минут, в случаях дополнительной установочной проверки – 5 рабочих дней.

Услуга будет также доступна работодателям, для получения сведений в отношении сотрудников, при условии их согласияпосредством «личного кабинета» и (или) sms-подтверждения.Получить такую услугу можно лишь при регистрации в базе мобильных граждан.

Для регистрации в базе мобильных граждан услугополучателю необходимо в «Личном кабинете» на веб-портале «электронного правительства» в графе «телефон» указать номер телефона или привязать его к индивидуальному идентификационному номеру (ИИН) обратившись в любой фронт-офис Госкорпорации.

**КОМИТЕТ ПО ПРАВОВОЙ СТАТИСТИКЕ И СПЕЦИАЛЬНЫМ УЧЕТАМ ГЕНЕРАЛЬНОЙ ПРОКУРАТУРЫ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН.**

## Порядок оказания государственной услуги «Продажа земельного участка в частную собственность единовременно либо в рассрочку»

Государственная услуга оказывается ГУ «Аппарат акима Алтындынского сельского округа» (далее – услугодатель) с 9.00 до 18.30 с перерывом на обед с 13,00 до 14.30 .

Государственная услуга оказывается местными исполнительными органами областей, городов республиканского значения, столицы, районов, городов областного значения, городов районного значения, акимами поселка, села, сельского округа (далее – услугодатель).

Для получения государственной услуги физические и юридические лица (далее – услугополучатель) через канцелярию услугодателя, либо посредством портала направляют:

услугодателю:

1) заявление на продажу в частную собственность земельного участка по форме согласно приложению 1 к настоящим Правилам;

2) документ, удостоверяющий личность (для идентификации личности);

3) копию акта кадастровой (оценочной) стоимости земельного участка;

на портал:

1) заявление на продажу в частную собственность земельного участка по форме согласно приложению 1 к настоящим Правилам в форме электронного документа, удостоверенного ЭЦП услугополучателя;

2) электронную копию акта кадастровой (оценочной) стоимости земельного участка.

5. Перечень основных требований к оказанию государственной услуги, включающий характеристику процесса, форму, содержание и результат оказания, а также иные сведения с учетом особенностей оказания государственной услуги изложен в стандарте государственной услуги "Продажа земельного участка в частную собственность единовременно либо в рассрочку" согласно приложению 2 к настоящим Правилам.

Сведения о документе, удостоверяющем личность, о регистрации (перерегистрации) юридического лица, о регистрации индивидуального предпринимателя, либо о начале деятельности в качестве индивидуального предпринимателя, подтверждающем право собственности на недвижимое имущество, о правоустанавливающих и идентификационных документов на земельный участок, об отсутствии обременении на земельный участок, истребываются услугодателем из соответствующих государственных информационных систем через шлюз "электронного правительства".

6. Услугополучателю в личный кабинет направляется статус о принятии запроса на оказание государственной услуги, а также уведомление с указанием даты и времени оказания государственной услуги.

Подтверждением принятия заявления на бумажном носителе в канцелярии услугодателя является отметка на его копии о регистрации с указанием даты, времени (часы, минуты).

7. Сотрудник канцелярии услугодателя в течение 15 (пятнадцати) минут осуществляет прием и регистрацию представленных документов и направляет их на резолюцию руководителю услугодателя.

В случае обращения услугополучателя после окончания рабочего времени, в выходные и праздничные дни согласно Трудовому кодексу Республики Казахстан от 23 ноября 2015 года, прием документов и выдача результата оказания государственной услуги осуществляются следующим рабочим днем.

8. Руководитель услугодателя рассматривает представленные документы и направляет их для исполнения руководителю уполномоченного органа по земельным отношениям (далее – уполномоченный орган) в день поступления заявления.

9. Руководитель уполномоченного органа рассматривает документы и определяет ответственного исполнителя в течение 1 (одного) часа.

10. Ответственный исполнитель уполномоченного органа в течение 2 (двух) рабочих дней идентифицирует земельный участок по кадастровой документации и готовит проект решения о предоставлении права частной собственности на земельный участок либо мотивированного ответа об отказе в оказании государственной услуги.

11. Руководитель уполномоченного органа в течение 1 (одного) рабочего дня согласовывает проект решения о предоставлении права частной собственности на земельный участок либо мотивированного ответа об отказе в оказании государственной услуги.

12. Руководитель услугодателя в течение 1 (одного) рабочего дня подписывает решение о предоставлении права частной собственности на земельный участок либо мотивированный ответ об отказе в оказании государственной услуги.

13. Сотрудник канцелярии услугодателя в течение 15 (пятнадцати) минут производит регистрацию решения о предоставлении права частной собственности на земельный участок, либо мотивированного ответа об отказе в оказании государственной услуги, и направляет результат оказания государственной услуги услугополучателю.

В случае обращения услугополучателя через портал, результат оказания государственной услуги направляется в личный кабинет услугополучателя в форме электронного документа, подписанного ЭЦП руководителя услугодателя.

14. Услугодатель обеспечивает внесение данных в информационную систему мониторинга оказания государственных услуг о стадии оказания государственной услуги.

15. В случае сбоя информационной системы, услугодатель незамедлительно уведомляет сотрудника структурного подразделения услугодателя, ответственного за информационно-коммуникационную инфраструктуру.

В этом случае, ответственный сотрудник за информационно-коммуникационную инфраструктуру составляет протокол о технической проблеме и подписывает его услугодателем.

16. Основаниями для отказа в оказании государственной услуги являются:

1) установление недостоверности документов, представленных услугополучателем для получения государственной услуги, и (или) данных (сведений), содержащихся в них;

2) несоответствие услугополучателя и (или) представленных материалов, данных и сведений, необходимых для оказания государственной услуги, требованиям, установленным частью шестой пункта 3 статьи 43 Земельного кодекса Республики Казахстан от 20 июня 2003 года.

***Л. ЛЕБЕДЕВА, главный специалист ГУ «Аппарат акима Алтындынского сельского округа».***

## ЦЭТВ-ға көшу, аналогты хабар таратуды өшірудің артықшылықтары

Әлем үнемі өзгеріп отырады. Өмірдің түрлі салаларына еніп жатқан заманауи технологиялардың қарқынды дамуы телевизия саласын да біржола жаулап алды. Қазақстанда аналогты телехабар таратудың цифрға көшуі 2018 жылы басталды және шынымен де кең ауқымға ие болды. Цифрлық хабар тарату дәуіріне бірнеше облыс қадам басып, халықты қамту деңгейі 92%-дан асты. Елде аналогты хабар тарату 2025 жылы тоқтатылады деп болжануда.

Бүгінде халықтың көп бөлігі теледидар көреді, бұл – ақпарат таратудың маңызды құралы және әрбір азаматтың конституциялық құқығы болып табылады. Цифрлық хабар тарату – бұл ақпараттар ағыны мен қазақстандықтардың өмір сүру деңгейін қамтамасыз етудегі жаңа сапалы қадам. Цифрландыруға көшу қоғам мен қазіргі заманғы технологиялардың даму динамикасын көрсететін ең маңызды техникалық, әлеуметтік, мәдени, экономикалық және саяси мәселе десек, артық айтқандық емес.

**«Аналогты» және «цифрлық» телевизия арасындағы айырмашылық неде?**

Аналогты телехабар таратуда сурет пен дыбысты беру үшін аналогты электр сигналы қолданылады және бір жиілікке бір арна бекітіліп беріледі. Аналогты хабар тарату телевизия пайда болғаннан бері қолданылып келеді және оның айқындығы, түсі мен дыбысы ағынның амплитудасының, жиілігі мен фазасының тез өзгеруімен ұсынылады. Сигнал үздіксіз диапазонда өзгеріп отырады және сыртқы әсерлерге бейім, нәтижесінде кескін көп бұрмалануы мүмкін. Егер сигнал тым алысқа берілсе, онда кескінде жарқыл, «қар» пайда болып, сурет бұзылады және басқа да кемшіліктер пайда болады. Қазір көптеген фильмдер мен телехабарлар цифрлық пішімде түсіріледі, өйткені аналогты пішімде ТВ кескін мен дыбыстың ерекше эффектілерін толық жеткізе алмайды.

Сондықтан аналогты телевизия іс жүзінде әбден ескірді, өйткені ол бүкіл әлемде енгізіліп жатқан цифрлық хабар тарату жүйесінен барлық жағынан төмен.

ЦЭТВ-ға көшу телевизиядағы жаңа бағытқа жол ашты, ол іс жүзінде кейінгі ұрпақтың ұялы байланысымен тығыз байланысты, телевизия бағдарламаларын бөлме ішінде де, жүріп бара жатқан көлік ішінде де, мобильді құрылғыларға да қабылдауды қамтамасыз етеді. Сондай-ақ, цифрландыру шағын елді мекендердің тұрғындарына аналогты пішімдегі 2-3 телеарнаның орнына, цифрлық 15 телеарнаны қабылдауға мүмкіндік береді, сонымен бірге, оларды таратуға кететін электр энергиясының шығынын едәуір азайтады.

Бұл тәсіл телевизиялық хабар тарату қызметтерінің сапасын айтарлықтай жақсарта алады. Цифрлық телевизиялық хабар тарату дамыту қолжетімді бағдарламалар санын күрт көбейтуге, елдің барлық тұрғындарына ақпараттық ресурстарға тең қол жеткізуді қамтамасыз етуге, телебағдарламалардың кескіні мен дыбысының сапасын арттыруға мүмкіндік береді.

Цифрлық хабар тарату – бұл сигнал беру жылдамдығы жоғары жаңа буын телевизиясы. Ол көптеген мүмкіндіктер мен қызметтерді ұсынады: көп арналар, сурет пен дыбыстың үздік сапасы, электрондық пошта, мультимедиялық қосымшалар, радио, батырманы бір басу арқылы экранға шығатын электрондық хабарлар бағдарламасы, субтитр тілін таңдау және басқа да көптеген жаңалықтар. Цифрлық сигнал кедергіге төзімді және көрермендерге, тіпті ең алыс елді мекендерге өзінің бастапқы түрінде, шу мен бұрмаланусыз жетеді.

Қазақстандықтар отандық телеарналарды цифрлық сапада және ай сайынғы төлемсіз, облыс орталықтары мен Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент қалаларында 30-ға жуық, ал өңірлердің елді мекендерінде 15-тен кем емес телеарнаны көре алады. Телеарналар екі тілде – орыс және қазақ тілдерінде ұсынылады.

2025 жылға қарай цифрлық эфирлік телевизиямен Қазақстан Республикасы халқының кем дегенде 98%-ын қамтамасыз ету жоспарланып отыр.

Қария – ел қазынасы

# ӨНЕГЕЛІ ӨМІР ИЕСІ



Ауданымыздың «Құрметті азаматы», ұлағатты ұстаз Ермек Қаратайұлының жауһар жырларын назарларыңызға ұсынамыз!

Қазақтың белгілі ақыны, бүгінгі әдеби көштің алдыңғы толқыны, аға буын өкілдерінің бірі Ғалым Жайлыбай: «Қол бейнеттен босағанда жазуға, оның ішінде, поэзияға бет бұрған қариялардың ішінде Ермек Қаратайұлының орыны бөлек. Өйткені, бұл кісінің лирикалық өлеңдері көбіне туған жердің табиғатын әспеттеуге арналған. Бұған дейін жарық көрген «Жыр-десте», «Сағыныш», «Білгенге маржан» дейтін кітапшаларының қай-қайсысы болса да өзі туған өлкенің сұлу табиғатын сөзбен кестелеуге талап етеді. Сәтті суреттер, сезімтал шумақтар, сол өңірдің адамдарын, қарапайым еңбек адамдарын қуантары анық. Көпті көрген көненің адамгершілік, туысқандық сезімдері сипаттауы да құптарлық. Ел адамдарын рухани құндылықтарды сақтап қалуға үндеуі де орынды сияқты. Кәсіби ақын болам деп талаптанбаған кісінің бұл жазбалары ел ортасында тәрбиешілік қызмет атқаруға әдбен хақылы»- деп жерлесіміз, ақын Ермек Қаратайұлы туралы лебізін білдіріп еді. Айтса айтқандай жыр бестісін көсілтіп, өлең өлкесінде өзіндік өрнегін сала білген Ермек атаның ауданымыз үшін атқарған еңбегі, өркендеу жолына қосқан үлесі ұшан теңіз. Ермек ақсақалдың еселі еңбегі еленіп, ауданымыздаң «Құрметті азаматы» атағы берілген. Ермек атаның оқырман назарына ұсынып жүрген өлеңдерінің тәрбиелік мәні терең. Оған бәріміз куә болып жүрміз.

Жастайынан білімге құштар болған Ермек ақын өмірін ұстаздыққа арнады. Осы жолдан таймай шәкірт тәрбиеледі. Талай жас алдында тастүлектей түлеп, үлкен өмірге қанаттарын қомдады.

Ермек ақсақалдың өткен өмірінің әрбір белесі біз үшін үлгі, өнеге. Оқырманға жол тартқан «Жыр десте», «Сағыныш», «Білгенге маржан» атты жыр жинақтарының өзі даналыққа толы. Алғашқы жыр жинағы «Жыр десте» 2006 жылы жарық көрсе, арағы екі жыл салып «Сағыныш» өлеңдер жинағын шығарды. 2009 жылы оқырманға «Білгенге маржан» кітабын тарту етті. Сүтпен сүйекке біткен, қандағы қасиеттің тұқым қуалайтыны анық. Ермек ақынның арғы аталары да оқыған, білімді азаматтар болған екен. Ары бармай-ақ бергісін қозғайтын болсақ әкесінің ағасы Каша Балташев заманының заңғар жазушысы, ақиық ақын Сәкен Сейфуллинмен бірге оқып, бірге жүрген, сырласы болған. Көзі ашық, көкірегі ояу азаматқа 1937 жылы қазақтың ай мүйізді серкелерін қақпайлаған кер заманның кесапаты тиген екен. Ұлтына деген ұлы махаббат Ермек ақынның да бойында бар қасиет. Ауданымызда алғаш рет бұрын балалар кітапханасы болған ескі мешіттің ашылуына да осы Ермек ата септігін тигізген. Қаламыздағы №5 орта мектебінің қабырғасының қалауына да үлесін қосқан.

Тарихты терең толғап, шежіре айтқанда шеріңді тарқататын, өлең оқығанда құмарыңды қандыратын Ермек атаның жалынды жырларынан ой түйіңіздер:

***АТАМ МЕН ӘЖЕМ – АДАЛ ЖАН ЕКЕН***
***(шығармашылық байқауға)***

Табиғат тіршілік қой тұнып тұрған,
Пейілін адамзаттың ұғындырған.
Атам мен әжем-адал жан екен,
Табылатын бар жақсылық бойынан.

Табиғат егіз екен адамменен,
Ұқсастық табам содан да мен.
Атам мен әжем-адал жан екен,
Адамдықты түгел меңгерген.
Атам мен әжем-адал жан екен,
Көтерілген күндей қырдан.
Жер бетін жылытып сәулесімен,
Жарқырап күліп тұрған.

Атам мен әжем-адал жан екен,
Мөлдіреп тұрған аспандай.
Жұлдыздар жұп боп жүр екен
Атам мен әжем қолдасқандай.

Атам мен әжем-адал жан екен,
Айдай ашық сәулесі.
Адалдыққа жол көрсеткен,
Үлгі болар бар ісі.

Атам мен әжем-адал жан екен,
Жан сұлуын көрсеткен.
Қасында жүрсең жұмақтай,
Бау-бақшада гүл өскен.

Атам мен әжем-адал жан екен,
Болашақты көреген.
Жүректерін салып ортаға,
Әлпештеп ұрпақ өсірген.

Атам мен әжем-адал жан екен,
Тағдырымды менің қолға алған.
Туысымен жетім қалған екем,
Екеуі мені бесікке салған.

Атам мен әжем-адал жан екен,
Ақыл, ойы терең теңіздей.
Бар жағдайды жасаған екен,
Мені жетім дегізбей.

Ержеткенде түсіндім адалдықты,
Жолатпай әжем айтқан жамандықты.
Атам менің шебер еді қолы алтын,
Үйреткен жасау үшін бар жабдықты.

Атам айтты "білікті білім ал,
Еңбек ет, болма ешкімге жалынар!"
Әжем тігіп кигізді ақ көйлекті,
"Жолға шық-деді, жолың болар!"

Атам мен әжем-адал жан екен,
Отбасына тыныштық орнатқан.
Көпке қамқоршы болып жүреді екен,
Жомарттығы елге ұнаған.

Атам мен әжем-адал жан екен,
Түсіндім мен күн бұрын.
Қош алдым әдемі салынған суреттей,
Атам мен әжемнің өң-түсін!

* * *

**АНАҢДЫ СЫЙЛА**

Пайғамбарым Мұхаммед,
Сыйла деген ананы.
Үш қайтара ана деп,
Бекіткен біздің сананы.

Ана деген асылым,
Берген дүние жасылын.
Анасыз әсте өмір жоқ,
Бәйтерегі ғасырдың.

Анаға деген сезімім,
Баянды уақыт төзімім.
Ескірмейді ешқашан,
Анамның мен көзімін.

* * *

**ЕЛІМ СЕНСІҢ ШАТ КҮНІМ**

Сенсің менің тағдырым,
Сенсің менің бар гүлім.
Шұғылалы шуақты,
Елім сенсің шат күнім.

Қарағайлы, қайыңды,
Тау жотаңды, сайыңды.
Алыс кетсем сағынам,
Білгенімше жайыңды.

Маған сондай ыстықсың,
Аялауға ынтықпын.
Топырағыңда туған жер,
Қаны тамған кіндіктің.

* * *

**МАҚСАТЫ ЕЛДІ ҚОЮ ГҮЛДЕНДІРІП**

Елім тыныш қажырлы еңбек еткен,
Бақыт нұры құйылып ғарыш көктен.
Жырламаса туған жер топырағын,
Ақынның бар өмірі зая кеткен.

Бүгінде қуаныш мол жырлайтұғын,
Достық мықты халқымды
шыңдайтұғын.
Бар әлемге әйгілі қазақ үні,
Құлақ түріп шаттықпен тыңдайтұғын.

Жырлаймын көк байрақты
бейбітшілік,
Құлпыртқан салт-сананы түрлендіріп.
Берік қолда халқымның ертеңгісі,
Мақсаты: елді қою гүлдендіріп.

* * *

**КӨКШЕТАУ АСҚАР АСУ МҰНАРЛАНҒАН**

Көкшетау асу асқар мұнарланған,
Көк торғын жамылғысын сәнді
оранған.
Көсіліп сауыт киген батырлардай,
Төсінен Сарыарқаның орын алған.

Бурабайдай жер-су жоқ көркі асқан,
Жасыл шырша, қайыңы араласқан.
Айнакөлге шомылып Оқжетпесім,
Өрілген бұрым өріп мәр-мәр тастан.

Шоршыған шабағы мен шортандары,
Жарқырайды күміс көл шортандағы.
Қол айнадай сұлудың дөп дөңгелек,
Қоршалған түйетаспен бау-шарбағы.

Биік құз көмкеріп тұр кең алаңды,
Еске салып ұлы хан Абылайды.
Тау төсіне өрлеген көк шыршалар,
Секілді Абылайдың қырандары.

Ақ бура жорықтарға жол көрсеткен,
Аруағы Абылайдың тас боп кеткен.
Шөгіп жатыр тау үстінде қарауылдай,
Тыныштығын қазағымның тілек еткен.

* * *

**БҰЛАНДЫМ-АТА МЕКЕНІМ**

Жайнаған кең жазира сұлу көркің,
Туған жер сайраңдаған емін-еркін.
Саялы гүл бағындай табиғаттың,
Ән құйып жүректерге бердің серпін.

Қайырмасы:
Күміс көлдер қоғалы,
Күрең белдер жоталы.
Мөлдір сағым күлімдеп,
Шақырады жолдары.

Жасыл бел орман-тоғай айналаңда,
Жарқырап күміс көлдер шар айнада.
Аққуы қазы менен дабылдатқан,
Арайлы сәуле шашып таң атқанда.

Қайырмасы:
Арнадым осы әнді туған өлкем,
Айналдым қасиетіңнен ата-мекен.
Аңқыған жусан иісі жанға шипа,
Жасай бер Бұландыдай жаннат көркем.

* * *

**ҮМІТ АРТЫП ӘРБІР КҮНГЕ**

Үміт артып әрбір күнге,
Таң сәріде тұрамын.
Мына жалған қысқа дүние,
Келтірсе деп құрамын.

Бірде сілкіп итше талап,
Қалдырады сүлдеңді.
Бірде сылқым тамашалап,
Толтырады мүлкіңді.

Әттең дейсің қол қысқа боп,
Жете алмай арманға.
Бұл дүниенің қыспағы көп,
Тұсау салар тарланға.

Біреуді біреу көре алмайды,
Іші тарып пенденің.
Болса қолында бере алмайды,
Ағайын деп сенгенің.

Ілкім озсаң қатарластан,
Аяғыңнан шалады.
Жүрегі оның берік тастан,
Өтірік жала жабады.

Орындалар үміт қашан,
Мейрімділік қашан орнайды.
Мейрімді едік әуел бастан,
Дұшпандықтан кім қорғайды?

* * *

**НАЗ**

(Сексендегі шалдың назы)
Ассалаумағалейкум!
Жақсылар мен жайсаңдар.
Ризашылық мол болар,
Сөзіме құлақ салсаңдар.

Ерікkеннің назы емес,
Ұйқы басып бойды алар.
Сексен деген жас емес,
Қару алып күш салар.

Қуат бойдан кеткен соң,
Хатқа түсер жазбалар.
Амал бітсе не істейсің,
Тетік таппай сандалар.

Құрбы, құрдас біткеннен соң,
Жағдайыңды кім сұрар?
Туыс болмай жанашыр,
Өзіңді кім сағынар.

Барар жерің таусылып,
Аяққа тұсау салынар.
Көңілдегі мұңыңды,
Кімге айтып, кім тыңдар.

Қалғандайын далада,
Жүрек толқып қысылар.
Қандай жақсы туысыңмен,
Уақыт тапсаң сырласар.

Ойнап-күліп бір жүрсең,
Тарқамай ма бір құмар?
Аман болшы бәрің де,
Аман жүрші құрбылар!

* * *

**АҚ ҚАЙЫҢ**

(Қыста)
Ақ қайың-ау, ақ қайың,
Неге сонша мұңайдың?
Келе жатыр көктемде,
Ар жағында жаз дайын.

Бұталарың бүгінде,
Қысқы аяз өтінде.
Жан бітеді ертең-ақ,
Жапырақ жайып бір күнде.

Жапырағың жайқалып,
Сырғаңды да тағарсың.
Көңілің де марқайып,
Өмір отын жағарсың.

Аққу, қаздай таранып,
Бой жетерсің сыланып.
Тұрарсың сылқым сыңғырлы,
Теңгелеріңе оранып.

Жылтырар әлі жапырақ,
Іліп қойған теңгедей.
Жаз бойына құлпырады,
Сәукелелі жеңгедей.

* * *

**АҚ ҚАЙЫҢ**

(жазда)
Мөлдірсің-ау ақ қайың,
Жапырағыңды баспайын.
Сұлусың сен өзгеше,
Жүрегіммен растайын.

Ақ қайың-ау, ақ қайың,
Келемін саған күн сайын.
Сырғаларың сыңғырлап,
Бой түзейсің қыздайын.

Желбірейді желегің,
Көлеңке сая білемін.
Сен тұрмасаң мұңдалап,
Толқындар ма еді жүрегім?!

Сылдыры сырлы сырғаңның,
Шолпысындай қыздардың.
Сәнді әніңе сүйсініп,
Құлақ түріп тұрамын.

Көркің көзді арбаған,
Жасыл желек жамылған.
Күн шуақта күлімдеп,
Ақ жауынға шомылған.

* * *

**ЗАМАН-АЙ**

Заманым түлкі іспетті бұлаң құйрық,
Жалғаншы алдырмайды етек жиып.
Біреуге мол қып беріп сыбағасын,
Біреуге аз береді сыбағасын.

Қадірі қандай бүгін бұл заманның,
Айығар күні бар ма бұл жалғанның.
Еңсені көтертпейді бәрі бірдей,
Қаптаған қалың тұман жан жағыңның.

Қараймын көк жиекке ашылар деп,
Қалың тұман сейіліп басылар деп.
Сызат беріп ағарып таң атқанмен,
Болып тұр жүрек шаяр азасы көп.

Дүние өткіншідей келіп, кетер,
Арманға қалай етсем қолым жетер?
Көбейіп келе жатыр күн-күн сайын,
Жастардың өміріне қауіп-қатер.

Арақ ішіп, темекі тартқан қыздарымыз,
Жұмыссыз сенделуде ұлдарымыз.
Ертеңгісі жастардың не болады?
Бүгінгі заманымыз тым тұрлаусыз.

Түйіні болмай тұр-ау замананың,
Құр бекер жан ұшырып қарманғаның.
Жүресің тұсауыл аттай кібіртіктеп,
Көбейіп көкіректе армандарың.

Жылаған ана менен бала аз ба?
Күн көріп қайыршылап қыста, жазда.
Қалғандар қанша бүгін баспанасыз?
Іліккен заманының жазасына.

Түзеу керек көп болып заманаңы,
Аршып тастап қайырымсыздық
орамдарды.
Сүру үшін қапысыз таза өмір,
Аластау керек кір жүрек адамдарды.

* * *

**АҚ ХАЛАТТЫ АРУЛАР**

Қалың орман ішінде,
Үш қабатты ғимарат.
Табиғат еніп күшіне,
Шатырдан сіркіреп тамшы ағады.

Терезе ашық, күн шуақ,
Орман жаққа қараймын.
Ағаш басы құс шулап,
Жәрмеңке ашып тарайтын.

Таң сәріде тұрып ап,
Шашымды талдап тараймын.
Аурухана асын ішіп ап,
Жүруге әбден жараймын.

Емі сәтті шипагер,
Ақ халатты арулар.
Ақ ниетпен ем етер,
Дәріге болса зәрулер.

Ақ халатты жандардың,
Алақаны шипагер.
Бәріне жәрдем берер ем,
Министр болсам мен егер.

* * *

**КҮЗ**

Ала бұлт аспандағы мұзтауға ұқсап,
Жай отымен әрленіп кемпір қосақ.
Сорғалайды тамшысы көз жасындай,
Тұрғандайын күз көркіне көңіл босап.

Ақ қайыңды бүркеніп тұрған маған,
Құбылысы табиғаттың бек ұнаған.
Өткен күндер, жастық шақ жүректі
өртеп,
Мен ұқсаймын балаға шын жылаған.

Қорғасындай сұрғылт бұлт қалықтаған,
Көшіп қону кәсібі бір тынбаған.
Қара бұлтқа қарасам еске түсер,
Шуағы жоқ күндерім жабырқаған.

Көк аспанды торлайды ала бұлттар,
Көріністі қоңырқай кімдер құптар.
Қиқулап аққу көлмен қоштасады,
Көлбей ұшып қырға қарай шағалалар.

Ала бұлттар қаздайын тізбектелген,
Алып барады жаз шуағын өзіменен.
Басылғандай көңілге күн-көлеңке,
Келе жатқан ызғарды мен сезінем.

Жабырқама көңілім, жабырқама,
Жырға толса парағым таңырқама.
Күзде әсем кеудені әуен кернеп,
Сазды өлең шарықта, толастама.

# РЕДАКЦИОННАЯ ПОЧТА

Ақмола – адалдық алаңы

## Мир без коррупции



Коррупция – это одна из основных проблем современности, которую нужно решать.

В Ивановской сельской библиотеке был проведен информационный час «Мир без коррупции». Целью мероприятия было разъяснить о коррупции, её видах и последствиях. Современное общество должно способствовать формированию негативного отношения к коррупции, а так же предупреждать коррупционные проявления в стране, быть социально активными и отстаивать свои права.

**Н. КАВЕРИНА, библиотекарь Ивановской сельской библиотеки.**

## Тіл – ең асыл құндылық

12 қыркүйек күні «Welcome to the world of English» атты ағылшын тілі онкүндігі ашылды. Мектеп дәлізі түрлі ақпараттар, сөзжұмбақтар, викториналық сұрақтар және газеттермен безендірілді.

Пән мұғалімдері С. Куандық «Who is the best?», Polyglot, А. Шайзада «School rules around the world», «Тіл дарыны-2022» атты сабақтарын өткізді.

Сөйтіп, ұстаздар оқушылардың ағылшын тілін меңгеру деңгейін бақылап, олардың қабілеті мен тілін дамытты, ойлау және есте сақтау қабілеттерін тексерді. Өз кезегінде апталықтың жабылу сәті орын алды.

Гуманитарлық пәндер бірлестігінің жетекшісі А. Шайзада қазақ, орыс, ағылшын тілдері, бастауыш сынып мұғалімдері және тарих пәндерінің мұғалімдерін ұйымдастырып, тілдер мерекесінің ұтымды, мазмұнды өтуіне атсалысты.

Қорыта келе, тіліміздің ата-бабамыздан қалған құнды мұра екенін, оны жандандырып, ұрпақтан-ұрпаққа жеткізу бәріміздің борышымыз екенін ұмытпайық!

**А. ШАЙЗАДА, Гуманитарлық пәндер бірлестігінің жетекшісі.**

## Тіл – тірегім



«Өзге тілдің бәрін біл,

Өз тіліңді құрметте!» - деп ақын Қадір Мырза Әлі жырлағандай,тілді қадірлеп, сақтау, ұрпақтан -ұрпаққа жеткізу – ұлтын, елін, халқын сүйген әр адамның міндеті, борышы.

Қараөзек орта мектебінде «Қазақстан халқының тілдері күні» мерекесі дәстүрлі түрде көптеген іс-шаралармен атап өтілді.

5 қыркүйек күні «Тіл – әр ұлттың ең ұлы анасы» деген тақырыппен онкүндіктің салтанатты ашылуы болды.

Жалпы, барлық іс-шаралар қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде ұйымдастырылды.

Биылғы жыл – Алаш қозғалысы жетекшілерінің бірі, әдебиеттанушы ғалым, қазақ тіл білімінің негізін қалаушы, Ұлт ұстазы – Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдық мерейтойы. Санаулы ғұмырын ағарту саласына жұмсаған ұлы тұлғаның білім беру жүйесінің қалыптасып, дамуына қосқан үлесі сөз жеткісіз.

Тіл мұғалімдері сабақтарында шәкірттерді ғалымның өмір жолымен, өлшеусіз, құнды еңбектерімен бейнероликтер арқылы таныстырды.

Тарих пәнінің мұғалімі К. Т. Идрисова «Тарихи тұлға – Ахмет Байтұрсынұлы» атты сабағында ғалымның шығармашылығы, ғылыми еңбектері туралы мәліметтермен таныстырса, орыс тілі мұғалімі С. Г. Мухамеджанова «Ахмет Байтурсынов – поэт, учёный, публицист...» сабағында ұстаздың еңбегінің қыр-сырымен бөлісті.

Бастауыш сынып мұғалімдері «Ахмет Байтұрсынұлы – дара тұлға» атты диктант жұмысын жүргізсе, мектеп кітапханашысы Р. К. Жунусова

«Тілі бардың-үні бар» атты кітап көрмесін және «Алаштың ардақтысы» атауымен іс-шара ұйымдастырды.

